


КӨЛІК ҚЫЗМЕТІ



Көлік қызметтерінің нарығында негізгі тауар көлік өнімі болып табылады. Көлік өнімінің мәні жүктердің орын алмасуы, яғни, бұл – өз кезегінде қызметтердің өндіріс процесі.

Көлік өнімінің сипаттамалық белгісі – ол өндірістен жеке тіршілік етпейді, оны жинақтауға, қоймаға жиыстыруға болмайды. Көлік өнімінің құрамында шикізат жоқ, оның құнында жалақы үлесі жоғары (өнеркәсіпке қарағанда 1,5-2 есе жоғары). Көлікте айналым қаражаттарының өнеркәсіппен және ауыл шаруашылығымен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылығы бар, себебі жаңа зат ретінде тауар емес, оның қызметінің нәтижесі – орын алмасуы іске асырылады. Сонымен қатар, көлік өнімі кеңістікте өзара алмаспайды, яғни бір орында көлік инфрақұрылымының салаларын шоғырландыру барысында олардың кемшіліктерін өзге жолмен толықтыруға болмайды.


***Көлік қызметтерінің нарығын тиімді жүзеге асырудың негізгі факторларының бірі көлік жиынтығының өзінің түбегейлі жаңа бағытта дамуына әсер ететін, көлікте бәсекелестік қатынасты енгізу болып табылады, бұл жүк қалыптастырушы, өндіруші салалар арасында бәсекелестікті нығайтуға және отандық өнеркәсіп-өндіріс жиынтығын қалыптастырудың қуатты импульсіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.**

Республиканың қазіргі таңдағы көлік қызметтері нарығында темір жол, автокөлік, әуе және құбыр өткізгіш көліктер ұсынылған. Қазақстан көлік бағыттарының ауқымды желісін қамтиды



Қазақстан аумағы арқылы өтетін 14061,8 км темір жолдар, 85 мың км жоғары автокөлік жолдары, 4 мың км-ге жуық ішкі су кеме қатынасының және 17,1 мың км магистральдік құбыр өткізгіш бағыттары. Көліктің айтарлық барлық салаларында орын алған жекешелендіру және акционерлеу процесі көлік нарығында бәсекелес шаруашылық субъектілерінің туындауына жол ашты. Қазақстанда 2002 жылы 2171 көлік кәсіпорны болған, олардың 1728 шағын, 373 орта және 70 ірі болып саналған.

2008 жылы Қазақстанның темір жолдары 16 млн-нан астам жолаушыларды тасымалдады, ал жолаушылар айналымы 14,3 млрд. жолаушы- км асып түсті



Қазақстанда жалпы қолданыстағы қабаты қатты автокөлік жолдарының тығыздығы 1000 км² шаққанда 29,8 км құрайды. Мысалы, көлемі бойынша Қазақстанға айтарлықтай жол беретін Әзербайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Молдова және Украина елдерінде автокөлік жолдарының жиілігі аумақтың 1000 км² шаққанда 248-296 км құрайды. Батыс елдерінде автокөлік және темір жол желілері жиі орналасқан (Батыс Еуропада осыған сәйкес 100 км² шаққанда 93,2 және 24,8, АҚШ-та – 66,5 және 21,9 км). Олардың аумағында әлемдік тауар айналымының $\frac{3}{4}$ бөлігін орындайтын әлемнің 63% аса порты орналасқан. Сондай-ақ, көліктің негізгі құралдары Батыс елдерінде тұйықталған. Барлық автокөліктердің 80% астамы Батыс Еуропа, Солтүстік Америка және Жапония елдеріне тән.



Республиканың көлік қызметтерінің нарығы тек экономика салалары мен өндіріс түрлерінің ғана емес, сонымен бірге аймақтық жиынтықтардың да өзара байланысын қамтамасыз ете отырып, халық шаруашылығының (агроөнеркәсіп, жылу-энергетикалық, тау-металлургиялық, құрылыстық және т.б.) салалық жиынтықтарын қалыптастыру арқылы дамыды



Тасымалдау барысына талап қойылатын негізгі тауар өнімі салмақты төкпелі және құйылмалы жүкті алға тартады, мысалы, автокөлікпен тасымалдау тиімсіз болып саналатын көмір, дән-дақыл, мұнай, руда, минералдық тыңайтқыштар және т.б.

Қазақстанның жолаушыларды тасымалдау нарығында автокөлік, әуе және темір жол көлігі арасында интермодалдық (көрініс аралық) бәсекелестік орын алған. Соңғы жылдары қашықтағы бағыттардың қалааралық автобуспен тасымалдау сегменті жоғарылады. Жолаушылар үшін автобуспен жүрудің ерекшелігі жүру кестесінің мейлінше қолайлы, бағыт жылдамдығының барынша жоғары және жол жүру құнының айтарлықтай арзан, ал темір жол көлігіне тән ерекшелік жол жүру қауіпсіздігі, тұрақтылық және жайлылық деңгейінің өте жоғары болуы. Сонымен қатар, тап осы сәтте темір жол және автобус көлігінде жолаушылардың жол жүру қызметтерінің біртұтас ұсынысының жүйесі жеткілікті деңгейде дамыған

ЖОҚ.

